

Бекітемін
Мектеп директоры
Г.А.Жуматаева



«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ – інің 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңеспен бірлескен жылдық жоспары.

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Форматы	Жауапты
1	2025-2026 оқу жылына мектептің дайындығы; Қамқоршылық кеңесінің құқықтық-нормативтік базасы. Қамқоршылық кеңесі туралы ережемен танысу. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;	Тамыз	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры.
2	Әлеуметтік жағдай төмен оқушыларды анықтау және санаттары бойынша топтау	Қыркүйек	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Әлеуметтік педагог
3	«Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу	Тамыз Қыркүйек	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Әлеуметтік педагог
4	Ыстық тамақ сапасын бақылау, ұйымдастыру.	Қазан	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Әлеуметтік педагог
5	Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бақылау	Үнемі	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог
6	Ата-аналармен бірлескен түсіндіру жұмыстары	Жыл бойы	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі
7	Мерекелік іс-шараларда оқушыларға қолдау көрсету; Мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге демеушілерді тарту;	Маусымына қарай	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог
8	Мектеп ауласын абаттандыруға қатысу;	Наурыз Сәуір	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог
9	Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін дайындау	Мамыр	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог
10	Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу	Мамыр	Директоралды жиналыс	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог

Дайындаған:


Ильмурадова Ж.К.

**МОББ АҚББ «№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ-де
Ақпараттама**



Тақырыбы:	«Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды азық-түлік және санитарлық тәртіп сақтау туралы»
Мақсаты:	<p>Мектеп асханасында оқушылардың тамақтануы 1-ші және 11-ші сынып бойынша ұйымдастырылған. Асхана жұмысы бекітілген санитарлық жағдайлар мен санитарлық тәртіп ережелеріне сәйкес жүргізілуде. Қазіргі таңда мектеп бойынша оқушылардың тамақпен қамтылған оқушылардың жалпы саны 1-4-бастауыш сыныптарындағы есептегенде барлық оқушы саны 93 оқушыны құрайды. Адагерлер саны 11-ші сынып тамақтанатын оқушылар саны 8-сыныптың әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды мемлекет тарапынан берілетін тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ыстық тамақ бастауыш сынып 1-4 оқушылары және 8-оқушылардың тамақтануы мектеп асханасына алдын ала бекітілген кесте негізінде уақыттың өтуіне байланысты тамақтанады. Мұғалімдер арасында кезекшілік сақталып, асханада жұмыс істейтін қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерінің орындалуына ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылардың күнделікті ас мәзірі санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай әзірленеді. Ас мәзірінің құрамы мен тағам сапасына, сондай-ақ оқушылардың толыққанды тамақтануына әлеуметтік педагог тарапынан күнделікті бақылау жүргізіледі. Ата-аналармен және сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың дұрыс әрі сапалы тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары да жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.</p>
	
	
Қатысушылар	1-11 сынып оқушылары
Жауапты	Кожамкулова Г.К.

**МОББ АҚББ «№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп»ЖММ-де
Ақпарат**

Тақырыбы:	«Мектепке жол»
Күні мен уақыты:	19.08.2026ж
Мақсаты:	<p>Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында мектебіміздің әлеуметтік жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына демеушілік танытқан. Акцияның мақсаты: аз қамтылған және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасыларына қолдау көрсету.</p> <p>Ата – ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға аз қамтылған және күн көріс жағдайы төмен отбасынан шыққан, көп балалы отбасы жан – жақты көмек көрсету мақсатында демеушілер іздеп, мекемелерге хат жіберілді.</p> <p>Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған сондай- ақ аз қамтылған және көп күн көріс жағдайы төмен отбасынан шыққан, көп балалы отбасы балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында көмек көрсету мақсатында әлеуметтік жағдайы нашар оқушыларға көмек көрсетілді.</p> <p>«Өмірзақ ауылы әкімі» Б.А.Кенжалиев мырза 30 оқушыны оқу құралдары салынған мектеп сөмкесімен қамтыды. Бекет-ата мешіті 40шақты сөмке оқу құралдарымен қамтылды.</p> <p>Сол сияқты бұл акция жалғаса береді. Сол сияқты мекеме басшыларына көмек көрсету туралы хат жолданды.</p> <p>Акция әліде өз жалғасын тауып, жұмыстар жүргізілетінін қаперіңізге береміз.</p>
Қатысушылар Жауапты	1-11 сынып оқушылары Кожамкулова Г.К.



МОББ АҚББ «№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп»КММ-де
Ақпарат

<p>Тақырыбы: Мақсаты:</p>	<p>«Жәрмеңке ұйымдастыру»</p> <p>«Жүректен-жүрекке мейірімді жүректер ынтымақтастығы» және «Балалар игілігі үшін» атты 5-8 сынып аралығында жәрмеңке ұйымдастырылды. Тәттілер жәрмеңкесінде оқушылар белсенділік көрсетіп, өздері әртүрлі пісіріп әкелген тәттілерді қолжетімді бағаға сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражат «Нәрестелер үйіне» (дом молотки) көмек ретінде қажетті заттар апарылады.</p>  
<p>Қатысушылар Жауапты</p>	<p>1-11 сынып оқушылары Кожамқұлова Г.К.</p>

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы

Хаттамасы №1

Уақыты: 27.08.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы-Көңілімқосов Ж.Ж
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Бек Д.Қ
- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі-Қалиева А.Ж

Күн тәртібінде:

1. 2025–2026 оқу жылына мектептің дайындығы туралы.
2. Қамқоршылық кеңесінің құқықтық-нормативтік базасымен таныстыру.
3. Қамқоршылық кеңесі туралы ережемен танысу.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Мектеп директоры Жуматаева Г.А. 2025–2026 оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Мектептің материалдық-техникалық базасының жағдайы, оқу кабинеттерінің дайындығы, санитарлық талаптардың сақталуы, қауіпсіздік шаралары, кадрлық қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Жаңа оқу жылына толық дайындық жүргізілгені айтылды.

Екінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы сөз сөйлеп, Қамқоршылық кеңесінің қызметін реттейтін құқықтық-нормативтік құжаттарға тоқталды. Атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыруға қатысты бұйрықтары;
- Мектеп жарғысы.

Кеңес қызметінің ашықтық, жариялылық және есептілік қағидаттары негізінде жүзеге асырылатыны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесі туралы ереже таныстырылып, оның мақсат-міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі түсіндірілді. Кеңес мүшелеріне ережені басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша: 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмыс жоспары қарастырылды. Жоспарда мектептің даму бағыттары, әлеуметтік қолдау шаралары, профилактикалық жұмыстар, тәрбиелік іс-шаралар және демеушілік қолдау мәселелері қамтылғаны айтылды.

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №2

Уақыты: 18.08.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамкулова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Бек Д.К

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды анықтау және санаттары бойынша топтау.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жуматаева Г.А. сөз сөйлеп, білім алушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу – мектептің әлеуметтік қолдау саясатының маңызды бағыты екенін атап өтті.

Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. 2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында жүргізілген әлеуметтік мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Оқушылардың тұрмыстық жағдайы, отбасының әлеуметтік мәртебесі, ата-аналардың жұмыспен қамтылуы, көпбалалы және аз қамтылған отбасылар санаты, толық емес отбасы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы оқушылар туралы мәліметтер ұсынылды.

Әлеуметтік педагог анықталған оқушыларды тиісті санаттар бойынша топтастыру жұмыстары жүргізілгенін және құжаттамалары жинақталғанын баяндады. Сонымен қатар аталған санаттағы оқушыларға тегін тамақтандыру, материалдық көмек, мектеп формасымен қамтамасыз ету, демеушілік қолдау көрсету мәселелері қарастырылатынын айтты.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы әлеуметтік қолдауды ұйымдастыруда ашықтық пен әділдік қағидаттарын сақтау қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

- 2025–2026 оқу жылының қыркүйек айында анықталған әлеуметтік жағдайы төмен оқушылардың тізімі бекітілсін.
- Оқушылар тиісті санаттары бойынша топтастырылсын.
- Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. қажетті құжаттардың толықтығын қамтамасыз етсін.
- Қамқоршылық кеңесі тарапынан әлеуметтік қолдау көрсету шаралары ұйымдастырылсын.
- Әлеуметтік көмектің көрсетілуі мектеп әкімшілігінің бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Жуматаева Г.А

Бек Д.К

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №3

Уақыты: 25.08.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамкулова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жуматаева Г.А. «Мектепке жол» республикалық акциясының мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде материалдық қолдау көрсету екенін атап өтті.

Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г.К акция аясында жүргізілетін жұмыстар жоспарымен таныстырды. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың тізімі нақтыланып, қажетті құжаттары жинақталғаны баяндалды. Оқушыларды мектеп формасымен, оқу құралдарымен және кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету мақсатында демеушілер тарту, ата-аналар қауымдастығымен және Қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру ұсынылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы акцияның ашықтық және әділдік қағидаттары негізінде өткізілуі қажеттігін айтып, демеушілік көмек көрсету мәселесін қолдайтынын білдірді.

Қаулы:

- «Мектепке жол» республикалық акциясына мектеп ұжымы белсенді түрде қатыссын.
- Әлеуметтік жағдайы төмен білім алушылардың тізімі бекітілсін.
- Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. құжаттардың толықтығын қамтамасыз етіп, көмекке мұқтаж оқушыларды нақтыласын.
- Қамқоршылық кеңесі тарапынан демеушілер тарту және материалдық көмек ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.
- Акцияның орындалуы мектеп әкімшілігінің бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Жуматаева Г.А

Бек Д.Қ

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №4

Уақыты: 02.09.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамкулова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясының қыркүйек айындағы қорытындысы және көрсетілген әлеуметтік көмек туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жуматаева Г.А. «Мектепке жол» республикалық акциясының қыркүйек айындағы жүргізілу барысы туралы баяндады. Акцияның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы, аз қамтылған және толық емес отбасынан шыққан білім алушыларға жаңа оқу жылында қолдау көрсету екені атап өтілді.

Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. акция аясында атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың тізімі нақтыланып, қажетті құжаттары тексерілгені айтылды. Қыркүйек айында демеушілер мен Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен мектеп формасы, аяқ киім, оқу құралдары және кеңсе тауарлары түрінде материалдық көмек көрсетілгені баяндалды.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы акцияның ұйымдастырылу деңгейіне оң баға беріп, алдағы уақытта да әлеуметтік қолдау шараларын жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

- «Мектепке жол» республикалық акциясының қыркүйек айындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- Әлеуметтік көмек көрсетілген білім алушылардың тізімі бекітілсін.
- Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. есептік құжаттарды рәсімдеп, ақпаратты тиісті орындарға ұсынсын.
- Қамқоршылық кеңесі тарапынан әлеуметтік қолдау жұмыстары оқу жылы барысында жалғастырылсын.
- Акцияның орындалуы мектеп әкімшілігінің бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Жуматаева Г.А

Бек Д.Қ

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы

Хаттамасы №5

Уақыты: 02.10.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Молдағали Ғ.Д
- Әлеуметтік педагог – Қожамкулова Г.К

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі ыстық тамақтың сапасын бақылау және ұйымдастыру жұмыстары туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жуматаева Г.А. мектеп асханасында білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы баяндады. Тамақтандырудың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізілуі, ас мәзірінің бекітілген нормаларға сай болуы және азық-түлік сапасының бақылауда екені атап өтілді.

Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. әлеуметтік санаттағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту мәселесіне тоқталып, олардың тізімі бекітілгенін және күнделікті бақылау жүргізілетінін айтты. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан түскен ұсыныстар мен пікірлер ескерілетіні баяндалды.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ыстық тамақтың сапасын қоғамдық бақылау аясында тұрақты түрде қадағалау, асхана жұмысына мониторинг жүргізу және тамақ сапасына байланысты кері байланысты жүйелі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

1. Мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы мен сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ас мәзірінің санитарлық талаптарға және бекітілген нормаларға сәйкестігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Әлеуметтік санаттағы білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан қоғамдық бақылау ай сайын жүргізілсін.
5. Ыстық тамақтың сапасына байланысты ұсыныстар мен ескертулер мектеп әкімшілігінің бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Жуматаева Г.А

Бек Д.Қ

Уақыты: 12.12.2025 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамкулова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға бақылау жүргізу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Жуматаева Г.А. білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – білім беру ұйымының басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мектепте қауіпсіздік шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып, ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы, бейнебақылау жүйесінің жұмысы, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуы және күзет қызметінің жұмыс тәртібі туралы баяндады.

Әлеуметтік педагог Қожамкулова Г. оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты. Сонымен қатар ата-аналармен профилактикалық түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылғаны баяндалды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мектеп аумағында және мектептен тыс уақытта балалардың қауіпсіздігін бақылауды күшейту, қыс мезгілінде жол қауіпсіздігі, мұз айдындарындағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Мектеп әкімшілігі тарапынан қауіпсіздік шаралары тұрақты бақылауда екені айтылды.

Қаулы:

- Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
- Қысқы демалыс кезеңінде қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.
- Өрт қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі және тұрмыстық қауіпсіздік бойынша профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
- Қамқоршылық кеңесі тарапынан қоғамдық бақылау жүргізілсін.
- Қауіпсіздік мәселесі мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында болсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Жуматаева Г.А

Бек Д.Қ

Қамқоршылық кеңесінің директорлар жанындағы отырыс

Хаттама №3

28.11.2025ж

Қатысқандар:

Құрамдағы комиссия:

- Жуматаева.Г.А– комиссия төрағасы, мектеп директоры;
- Бек.Д.Қ–директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Молдағали Ф.Д- қамқоршылық кеңес төрағасы;
- Калиева.А.Ж – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі;
- Тенелбай. Ж.А–директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
- Кәдірбеков Н.С- қамқоршылық кеңес мүшесі
- Кожамкулова.Г.К– әлеуметтік педагог;

Күн тәртібінде:

1. Президенттік Жаңа жылдық шырша мерекесіне қатысатын балалардың отбасылық жағдайымен таныстыру.
 - 1.1.Күн тәртібінде мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Кожамкулова таныстырып өтті. Жылда тәстүрлі түрде 9 бен 13 жас аралығындағы жекелеген санатқа жататын жетім , ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан білім алушыларға арналған Президенттік және Әкім жаңа жыл шыршасы өтетіндігін және аталған шараға АӘК алушы (президент шыршасына) 1 оқушы қатыса алатындығын жеткізді. (қалалық білім бөлімінің бөлінісіне сәйкес)
 - 1.2.Директор жанындағы отырысқа қатысқандар оқушылардың құжаттарымен жеке-жеке танысып, мұқият зерделеп балаларды аталған шараға қатысуына толықтай келісетіндігін жеткізді.

Президенттік және Әкім жаңа жыл шыршасына қатысуға жетім, көп балалы және күн көріс деңгейі төмен, ерекше күтімді қажет ететін балалары бар немесе отбасы асыраушы болып табылатын ата-аналарының мүгедектігі бар отбасылар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларқамқоршысынан айырылған отбасы балалары қамтылды.

Қазіргі таңдағы 19 есептілікке сәйкес, №27мектепте көмекке мұқтаж деп есептелетін бала бар. Осы тізім бойынша ішкі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, іріктелді. Іріктеу нәтежисінде төменде көрсетілген тізім жасақталды.

«№27 Әмірхан Жаппы білім беретін мектеп» ЖШС
2025 – 2026 оқу жылы.
Хаттамасы №7

Уақыты: 22.01.2026 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамқұлова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

- Ата-аналармен жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының маңыздылығы туралы.
- Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері.
- Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдары.
- Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Мектеп директоры **Жуматаева Г.А.** сөз сөйлеп, білім беру ұйымы мен ата-аналар арасындағы өзара байланыстың маңыздылығына тоқталды. Ол білім алушылардың сапалы білім алуы мен тәрбиелі болып өсуінде ата-ананың жауапкершілігі ерекше екенін атап өтті. Сонымен қатар мектеп тарапынан ұйымдастырылатын іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қажеттігін айтты.

Екінші мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Бек Д.Қ.** білім алушылардың қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және олардың сабаққа қатысуын тұрақты бақылауда ұстау жөнінде ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог **Қожамқұлова Г.К.** отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығы туралы баяндама жасап, тәрбиелік жұмыстардың нәтижелі болуы ата-ана мен мектептің бірлескен әрекетіне байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылармен жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берді.

Төртінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Көңілімқосов Ж.Ж.** сөз алып, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді араласуға, балалардың оқу-тәрбие процесіне тұрақты көңіл бөлуге шақырды. Сонымен қатар мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту бойынша ұсыныстарын білдірді.

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №8

Уақыты: 27.02.2026 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамқұлова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

- Мектепте өткізілетін мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және оқушыларға қолдау көрсету мәселесі.
- Мерекелік іс-шараларды өткізуге демеушілерді тарту жұмыстары.
- Қамқоршылық кеңесінің мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудағы рөлі.
- Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Мектеп директоры **Жуматаева Г.А.** сөз сөйлеп, мектепте өткізілетін тәрбиелік маңызы бар мерекелік іс-шаралардың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы, патриоттық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Сонымен қатар әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың мерекелік іс-шараларға толыққанды қатысуына жағдай жасау қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Көңілімқосов Ж.Ж.** мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін демеушілермен байланыс орнату және әлеуметтік серіктестерді тарту бағытында атқарылатын жұмыстар туралы баяндады. Ол демеушілік көмек көрсетуге ниетті мекемелермен және кәсіпкерлермен бірлесіп жұмыс жүргізудің маңыздылығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Бек Д.Қ.** мектепте өткізілетін мерекелік іс-шаралардың жоспары туралы ақпарат беріп, оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық бастамаларын қолдау және ынталандыру мақсатында түрлі байқаулар мен мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Төртінші мәселе бойынша: Әлеуметтік педагог **Қожамқұлова Г.К.** әлеуметтік жағдайы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан білім алушыларды мерекелік шараларға тарту, оларға қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар туралы хабарлама жасады.

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №9

Уақыты: 22.04.2026 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамқұлова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

- Мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру.
- Қамқоршылық кеңесінің мектеп аумағын көркейту жұмыстарына қатысуы.
- Ата-аналар мен демеушілерді мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарына тарту.
- Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Мектеп директоры **Жуматаева Г.А.** сөз сөйлеп, мектеп аумағын абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары білім беру ұйымының санитарлық жағдайын жақсартуға, оқушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар көктемгі және күзгі маусымдық жұмыстарды сапалы ұйымдастыру қажеттілігіне тоқталды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Көңілімқосов Ж.Ж.** мектеп ауласын көркейту бағытында атқарылатын жұмыстар жөнінде ұсыныстарын білдірді. Ол ағаш көшеттерін отырғызу, гүлзарларды көбейту, демалыс орындарын ретке келтіру және аумақтың тазалығын сақтау бойынша жұмыстарды бірлесіп жүргізудің маңыздылығын айтты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Бек Д.Қ.** мектеп аумағын көгалдандыру және сенбіліктер ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Сонымен қатар оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында түрлі акциялар мен еңбек шараларын өткізу ұсынылды.

Әлеуметтік педагог **Қожамқұлова Г.К.** ата-аналар қауымдастығы мен жергілікті кәсіпкерлерді мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарына тарту жөнінде ұсыныстар енгізді. Мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған қоғамдық қолдаудың маңыздылығы атап өтілді.

Уақыты: 28.05.2026 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамқұлова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы атқарған жұмыстарының қорытындысын шығару.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін дайындау және рәсімдеу тәртібі.
3. Жылдық есепке енгізілетін мәліметтер мен құжаттарды жинақтау.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры **Жуматаева Г.А.** сөз сөйлеп, Қамқоршылық кеңестің оқу жылы барысында атқарған жұмыстарын қорытындылаудың маңыздылығына тоқталды. Кеңес мүшелерінің мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге қосқан үлестері атап өтілді.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Көңілімқосов Ж.Ж.** жылдық есептің құрылымы мен мазмұны туралы баяндама жасады. Есепте Қамқоршылық кеңестің жыл бойы атқарған іс-шаралары, өткізілген отырыстары, қабылданған шешімдері және олардың орындалу нәтижелері қамтылуы қажеттігін атап өтті.
3. Әлеуметтік педагог **Қожамқұлова Г.К.** әлеуметтік қолдау бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді. Ол аз қамтылған, көпбалалы және әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан оқушыларға көрсетілген көмектер мен қайырымдылық шаралары жөніндегі мәліметтерді есепке енгізу қажеттігін айтты.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Бек Д.Қ.** жылдық есепке енгізілетін тәрбиелік іс-шаралар, акциялар, кездесулер және қоғамдық жұмыстар бойынша ақпараттарды жинақтау жұмыстары туралы хабарлады. Сонымен қатар есепті белгіленген мерзімде әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізді.

«№27 Өмірзақ жалпы білім беретін мектеп» КММ
2025 – 2026 оқу жылы
Хаттамасы №11

Уақыты: 29.05.2026 ж.

Қатысқандар:

- Мектеп директоры – Жуматаева Г.А.
- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Көңілімқосов Ж.Ж
- Әлеуметтік педагог – Қожамқұлова Г.К
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Бек Д.Қ

Күн тәртібінде:

1. 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы.
2. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспарларды талқылау.
3. Білім сапасын арттыру және тәрбие жұмысын жетілдіру бағытындағы ұсыныстар.
4. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері.
5. Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры **Жуматаева Г.А.** 2025–2026 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысына тоқталды. Оқу жылы барысында қол жеткізілген жетістіктер мен кездескен мәселелер сараланып, келесі оқу жылында назар аударуды қажет ететін бағыттар анықталды.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Көңілімқосов Ж.Ж.** келесі оқу жылына арналған ұсыныстарын таныстырды. Ол ата-аналар қауымдастығымен байланысты күшейту, мектептің қоғамдық іс-шараларына қамқоршылық кеңес мүшелерінің белсенді қатысуын қамтамасыз ету және демеушілермен жұмысты жүйелеу қажеттігін атап өтті.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Бек Д.Қ.** білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, патриоттық тәрбие беру, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы іс-шараларды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізді.
4. Әлеуметтік педагог **Қожамқұлова Г.К.** әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылармен жұмысты жалғастыру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және профилактикалық шараларды күшейту жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қосымша қолдау көздерін қарастыру ұсынылды.